

4 «А» сынып оқушыларына арналған «Достық» тренингі

Мақсаты: сыныптың ауызбіршілігін, ынтымақтастығын дамыту.

Тренингтің міндеті:

- 1) Бір-біріне деген сенімді және мейірімді қарым-қатынасты қалыптастыру.
- 2) Мәселелік жағдаяттарды шешуді үйрену және өзінің іс-әрекетін басқалардың қабілетімен үйлестіре білуге қалыптастыру.
- 3) Қойылған мақсатты бірігіп шешуге және іскерлікке үйрету.
- 4) Оқушылардың шығармашылық потенциалын дамыту.

Сәлемдесу. Сәлеметсіз бе, балалар. Қане бәріміз ортаға шығайық.

«Досым, қалың қалай?» жаттығуы .

Мақсаты: оқушылардың көңіл – күйін көтеру, бір – бірімен қарым – қатынасын нығайту.

Шарты: оқушылар дөңгелене тұрады, психолог қолды шапалақтап нұсқау берген кезде, берілген тапсырмаларды орындайды.

1 рет шапалақтаған кезде – қолдарын қысады;

2 рет шапалақтаған кезде – бір – бірін құшақтайды;

3 рет шапалақтаған кезде – бір-біріне жақсы тілек айтады.

- Оқушылар бір-біріне доп беру арқылы ойымыздағы жақсы тілектерімізді бір-бірімізге арнайық. Шеңбер бойынша әрі қарай жалғаса береді.

Ой-толғау.

Дос дегеніміз не?

Қалай ойлайсындар, шынайы дос болу қиын ба ?



«Сиқырлы орындық»

Ортадағы бір орындыққа бір оқушы отырады. Қалғандары сол оқушының ұнамды жақтарын айтады.



Ойын «Құстар үйірі»



Психолог: «Қазір барлықтарың кішкентай құсқа айналасыңдар. Сендер құстар әуенмен ұшасыңдар. Бір-біріңмен соқтығысып қалуларың мүмкін, абай болыңдар. Менің нұсқаулығым бойынша кішігірім үйірлерге жиналасыңдар, үйірдегі құстардың санын мен атаймын».

Біраз уақыттан кейін жүргізуші мысалы «бес» санын айтады. Қатысушалар бес-бестен топ құрайды. Кім топқа кіре алмай қалды сол ойыннан шығады.

Жаттығу «Бес мейірімді сөз»

Әрбір қатысушы параққа өзінің алақанын салып ортасына өзінің есімін жазады. Одан кейін суретін оң жақтағы көршісіне береді, өзі де көршісінің суретін алады. Суреттегі бір саусаққа мейірімді сөз, тілек жазады (сен-мейірімдісің, сен-көңілдісің және т.б.). Сурет шеңбермен жүреді. Осымен барлық саусақтар толтырылады. Егер саусаққа сыймай қалса алақанның ішінде жазуға болады. Жаттығудың соңында сурет өз иелеріне беріледі, жазылған тілектерді оқуға болады.

Қорытынды: Балалардың білім-біліктерін тиянақтау үшін тапсырма ұсынылады. Ендеше балалар, тақтадағы сөздерден адал достыққа тән қасиеттерді бір қатарға, амал достыққа тән қасиеттерді екінші қатарға жинақтайық.

Сыйластық

Мейірімсіздік

Шыншылдық

Кешірімсіздік

Түсіністік

Көзбаяушылық

Татулық

Алаяқтық

Адамдардың бір-біріне деген ең қымбатты сезімдерінің бірі – достық. Ал адамдардың бойындағы ең игі қасиеттердің бірі- достаса білу. Адамдар қарым-қатынасындағы аса бағалы құндылық- достық. Сол себепті,балалар, әрқашанда , дос болайық бәріміз.



Рефлексия. «Достық кемпірқосағы»

Оқушылар стикерлерге бір-біріне жақсы тілектерін жазып, «Достық кемпірқосағына» жапсырады.

Орын.:

Педагог-психолог СШ № 19 Абдуалиева Р.С.